

## Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2790 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ 1-бабына және "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар N 2707 U952707\_ Жарлығының 22-бабының 2-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. 1984 жылғы 22 наурызда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ ССР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1984 ж., N 14, қосымша; N 41, 534-құжат; 1986 ж., N 25, 242-құжат; 1987 ж., N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; 1989 ж., N 27, 208-құжат; N 49, 444-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 380-құжат, 1993 ж., N 4, 70-құжат, N 20, 468-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

осы Кодекстің 113-бабының бірінші, екінші, төртінші және бесінші бөліктерімен, 114, 114-1, 115 (осы баптың бірінші, үшінші және төртінші бөліктерімен көзделген, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне бағынысты емес аэродромдарда немесе осындай аэродромдар төңірегінде жасалған құқық бұзушылықтарды қоспағанда) баптарда, 118-1, 120, 121-2 (теміржол көлігінде құқық бұзушылық жасағаны үшін), 123, 124, 125, 126-баптарымен, 130-бабының бірінші және екінші бөліктерімен, 131-бабымен, 134-бабының бірінші және төртінші бөліктерімен, 135-бабымен, 136-бабының екінші және төртінші бөліктерімен, 137-бабының екінші және үшінші бөліктерімен, 138-бабымен (автомобиль көлігіндегі құқық бұзушылықты қоспағанда), 139, 140-баптарымен, 142-бабының бірінші бөлігімен, 145-1, 174, 175, 178, 180, 180-2, 200-баптарымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін, бұған қоса - аумақтық және желілік ішкі істер бөлімшелерінің, желілік милиция пункттерінің бастықтары, ішкі істер органдарының учаскелік уәкілдері - ескерту жасайды немесе айыппұл салады. Желілік милиция пунктінің бастығы, ішкі істер органдарының учаскелік уәкілдері салатын айыппұлдың мөлшері "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы

21 желтоқсандағы Заң күші бар N 2700 Жарлығының 12-бабымен белгіленген есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

2. Мыналар:

1) 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағының екінші абзацындағы "Желілік милиция пункттерінің бастықтары", "желілік милиция пунктінің бастығы салатын айыппұлдың мөлшері жиырма сомнан аспауы керек" сөздері;

2) 217-баптың екінші бөлігінің 1-тармағының төртінші абзацындағы "сондай-ақ - ішкі істер органдары жүйесіндегі милиция бөлімшелерінің бастықтары" сөздері алынып тасталсын.

3. 217-баптың 3-тармағындағы "жол-күзет қызметі бөлімшелерінің

командирлері" және "жол-күзет қызметінің инспекторлары" сөздері "жол милициясы бөлімшелерінің командирлері" және "жол милициясының инспекторлары" сөздерімен алмастырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті